

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/UEFH5333>

***А. Е. Ерланова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: ayaulym_erlankyzy@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0378-8708>

МӘШҮР ЖҮСІПТІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ПОЭТИКАСЫ

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармашылығының дидактикалық өлеңдері тақырып, мазмұн, стиль тұрғысынан қарастырылып, эстетикалық ақпарат анықталады. Ақынның дидактикалық өлеңдері діни-ағартушылық бағытта, адам бойындағы келеңсіз мінездер мен адамгершілік қасиеттерді қозғауымен де құнды. Мақаланың өзектілігі – Мәшһүр Жүсіптің дидактикалық өлеңдерінің ақынның өзіндік қолтаңбасын, стилін қалыптастырудағы ролін анықтап, тұспалдау құралдарын пайдаланудағы әрі дәстүр, заман талабын әрі өзіндік ізденісін танытқанын дәлелдеу. Шығармаларында кездесетін кейбір діни ұғымдарды араб тіліндегі дыбысталуымен қолданып, кейбір сөздерді халықтың ұлттық танымына жақын сөздермен қолдануы нақты дәлелдермен анықталып, ғалымдардың зерттеулерімен бекітілді. Ақын өлеңдерінде кездесетін араб-парсы сөздерін ислам дініне қатысты және қатыссыз деп шартты түрде бөліп қарастырып, туындының эстетикалық құндылығын арттырып тұрғанын дәлелдеу мақаланың мақсатын құрайды.

Ақын ислам дінін халықты тәрбиелеу, жақсылыққа бастайтын құрал ретінде алуды мақсат етеді. Талдауға түсіп отырған «Бес қымбат» өлеңі Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен тақырып үндестігі тұрғысынан салыстырылады. Абай сияқты өз идеалындағы адамның бейнесін жасамаса да, ислам дінінің басты қағидаттарының қазақ халқын сақтайтын таным тұрғысынан негіздегені дәлелденді. «Дауасыз дерт» туындысындағы келеңсіз мінездерді бір адам басындағы дерт емес, бүкіл қоғамның басындағы дерт деп типтік сипат беретіні анықталды. Бұл талдаулар жұмыстың ғылыми жаңалағын құрайды.

Жұмыстың практикалық маңызы ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының филология мамандығының білім алушыларына, сондай-ақ әдебиет сүйер барша оқырманға арналады.

Кілтті сөздер: поэтика, дидактикалық өлеңдер, адамгершілік құндылықтар, тұспалдау, жандандыру, эстетикалық ақпарат, ұлттық таным, типтік сипат.

Кіріспе

XX ғасыр басындағы әдебиет тарих сахнасына түр, мазмұн, жанр жағынан байи түскен әдебиет болды. Әдебиет аударма жанрымен, мысал өлеңдермен, жалпы поэзия мен прозаның дамыған, толысқан тұсында ірі-ірі әдебиет өкілдерін тудырды. Солардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Ақын әдебиеттің барлық саласында қалам тартты. Өлеңдерден бастап, діни дастандар, публицистикалық мақалалар, трактаттар, рубайлар жазған ақынның шығармашылығы қалыптасу жолында көптеген кезеңдерден өтті. Бүгінгі зерттеу жұмысымызда ақын шығармашылығының үлкен бір тобын құрайтын дидактикалық өлеңдері сөз болады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу жұмысы әдеби шығармаларды герменевтикалық, құрылымдық әдістерін негізге алады. Герменевтикалық талдау әдісі тұрғысынан поэтика ұғымы түсіндіріледі. Құрылымдық әдіс арқылы көркем туындының табиғатын зерттеу қарастырылады. Сонымен қатар, зерттелініп отырған мәселе бойынша ғылыми, әдістемелік әдебиеттерді, оқулықтарды талдау үшін теориялық әдіс те қолданылды.

Мәшһүр Жүсіптің көп томдық шығармалар жинағы мен мәшһүртанушы ғалымдардың еңбектері зерттеу жұмысының негізіне алынды. Атап айтқанда, С. С. Сүтжанов, А. Қ. Тұрышев, Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратованың зерттеулері және әдебиет теориясы бойынша З. Қабдоловтың, В. В. Виноградовтың, қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі, ғалым Р. Сыздықованың еңбектері басшылыққа алынды.

Нәтижелер және талқылау

Мысал өлеңдерімен табиғаты ұқсас келетін дидактикалық (насихат) өлеңдері болмысы жағынан ғибратты, тағылым берерлік мәні бар, ойды ұтымды, ықшамды түрде жеткізетін өлең болғанымен, мысалдағы сияқты сюжетке, тартысқа құрылмайды. Болған оқиғадан оқырманын хабардар етіп, нақыл сөзбен түйіндемей қорытындысын шығаруды оқырманға қалдырады.

Мәшһүр Жүсіптің осы үлгідегі өлеңдері біршама: Қолыма қағаз, қалай алайын да, Жасымнан үйір болдым өлең, сөзге, Бес парыз, Жеті жетім, қажылық, иман шарттары, Адам екі түрлі, Дүниеге көңілі қалғандықтан

сөйлеген сөзі, Ит дүние, Жаман әйел турады, Бес қымбат, Дауасыз дерт, Бұлақ көзі, Бақ құсы, т.б.

Бұл өлеңдерде көтерілетін тақырыптар да әртүрлі. Бірде мұсылмандық шарттарды сөз етсе, енді бірде сол заманның дертіне айналған адамның бойында кездесетін кеселдерді қозғайды. Өлеңдердің бәрі қара өлең ұйқасымен жазылып, буын, бунақ сандары ұқсас келеді. Шумақ саны әр өлеңде әртүрлі. Шығарманың соңы оқырманға ой тастарлық, ғибратқа толы жолдармен аяқталады. Эстетикалық тұрғыдан көркемдеуіш құралдар, жандандыру, тұспалдап айту да кездеседі. Бір айта кетерлік жайт, ақын өз туындыларында ұлттық өрнекті діни ұғыммен байланыстырып, қазақ ұлтында қасиетті саналатын сандарды өлеңдерінің тақырыбына арқау етеді.

Мәшһүр Жүсіп «Бес қымбат» деп аталатын нақыл өлеңінде адамзатқа қажет бес түрлі қымбат істі қозғайды. Бұл бестікті діни ұғымдармен байланыстырады. Атап айтсақ, *иман, ақырет, таунық (тауфиқ), құдай, дін, кәпірлік, тәубе, сабыр, шүкір, күпір, нығымет* сынды діни сөздер мен адамгершілік қасиеттерді білдіретін ұғымдар ұшырасады.

Жалпы ақын өлеңдеріндегі ар, иман, адамгершілік, тәрбие, әдеп сынды мәселелердің барлығы да діни талап тілек, мұсылмандық шарт тұрғысынан өрбіп отырады. Қандай тақырыпты қозғамасын ислам дінінің парыздарын, міндеттерін алға тартып отырады. Діни сауаттылықты адам өмірінің ең қажетті шарттарының қатарына жатқызып, мұны өзінің ағартушылық идеясымен байланыстырып отырады.

«Әуелі керек нәрсе иман» - деген» деп басталатын «Бес қымбат» өлеңі жоғарыда аталған бес ұғымның бәрі бір адамның басында түйісу қажеттігін ғибрат етеді.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде АҚЫРЕТ және ИМАН сөздеріне келесідей түсініктеме берілген:

ИМАН [ар. иман] – «Құдайға, Құранға шын сенетіндігін білдіретін мұсылманның дұғасы», «Құдайдан қорқу, адам бойындағы ізгілік, мейірім, парасат» [1, 189-б.]. АҚЫРЕТ [ар. ахирет] – «о дүние», «адамның тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін қиямет күні». Бұл сөз ислам дүниетанымындағы ең басты ұғымдардың бірі болып саналады. Діни түсінік бойынша ақырет күні адамдар қайтадан тіріліп, жақсы-жаман әрекеттері үшін сұраққа алынады [1, 32-б.].

Қарап отырсақ, шығармаларында үгіт-насихат жолдарын дінмен байланыстыру үшін автордың да діни сауаттылығы маңызды орын алады. Мәшһүр Жүсіптің жастайынан діни сауатын ашуы, кейін Бұхара, Самарқанд қалаларына бірнеше рет барып діни медреселерде сауатын ашуы ақынның діни сауатын тереңдетуіне көп үлесін тигізген. Алайда ақын оқулық жазып, оқуға шақырып, ағартушылық істерімен айналыспаған [2]. Десе де осындай

ғибратқа, насихатқа толы туындыларымен оқырманына ой тастауды мақсат еткен.

Ақын өз өлеңдерінде дін ғылымын игеріп, құдайға ғибадат етуге ғана шақырып қоймайды. Айтар сөзін құран аяттарымен, пайғамбарлардың өсиеттерімен дәлелдеп отырады. Мәселен,

«Ең әуел керек нәрсе иман» – деген,

«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» – деген!

«Құдай кешіреп!» - дегенмен, іс бітпейді,

«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» – деген [3, 83-б.], –

деп қателіктері үшін жалбарынып кешірім сұраумен аяқталмайтын дүние екенін сөз етеді. Яғни діни сауаттылықтың маңызды екенін алға тартады.

Сөзінің басын иманнан бастаған ақын келесі қымбат бестікке ақылды жатқызады. Ақылсыз адамда басқаларға көмектесу, жәрдемдесу, қанағат, ынсап деген болмайды деп баға береді. Бұл түсініктер ақын шығармасында тауық (тауфик) сөзінің мағынасына сыйып тұр. ТАУФИҚ [ар. тауфик] – «көмек, жәрдем», «қанағат, ынсап», «тақуалық», «бақыт, табыс, сәттілік». Қазақ фольклорлық жырларында «бақытты өмір» деген мағынадағы «тауфиқты ғұмыр», «қанағатшыл, ынсапты» деген мағынаны білдіретін «тауфиқты», «дінге бойсұну» дегенді білдіретін «тауфиктану» сөздері жиі кездеседі [1, 488-б.]. Қанағатсыздық, дүниеқоңыздық – адам баласының түбіне жететін жаман қасиеттердің бірі. Тіпті бұл адамдар ашуланып иманын кәпірлікке сағады деп бұл кеселдердің соңы неге душар ететінін кесіп айтады. Ақын бұл жерде осы бес ұғымның адам өміріне тигізер пайдасын ғана айтып қоймай, бұл бестікті жоғалтқан адамның өмірі қандай күйге түсетініне де назар аударады. Басқа өлеңдеріндегі секілді немесе ақын жыраулардың толғауларындағы сияқты тығырықтан шығатын жолды көрсетіп, емін іздемейді. Салдарын оқырманның ой елегіне қалдырады.

Ақылдың серігі ретінде сабырды келтіреді. Сабыр да араб сөзі. Шыдамы берік адамдардың мұратына жететінін айтып, сабырсыздық адам басына пәле туғызатын алға тартады. Қолында барға шүкір ете білу төртінші қымбат нәрсе ретінде қарастырылады. Араб тілінен енген бұл сөз ана тілімізде ризашылық, риза болу, қуану, алғыс айту және діни ұғыммен байланыстырыла «бәрі Алланың арқасында, тек Алланың көмегімен деген ұғымдағы тәубашылық, ризалық, қанағат» деген ауыспалы ұғымда қолданылады. Бақытқа, молшылыққа шүкірсіздік таныту күпірліктің белгісі дейді. Нығымет арабтың ниғмат – бақыт, игілік, береке, ырыс, ырсыздық, молшылық сөзінен шыққан. Жай ғана құдайдан кешірім сұраған, бірақ оның жолында ештеңе жасамайтын әрекетсіздікті қорлыққа балайды.

«Бесінші, қымбат нәрсе – әдеп» - деген,

«Әдепсізде иман тұру ғажап!» - деген.

«Кәпірлік – әдептіде тұрмағандай,

Әдеп деген махаббатқа себеп!» - деген [3, 83-б.], –

деп бес қымбатты әдеппен аяқтайды. Құдайға қарсылық танытып, дінге сенбеу әдепті адамға жат қасиет деп, әдептің махаббатқа себеп болады деуі аллаға деген, дінге деген махаббатқа, сүйіспеншілікке әкеп саяды. Осы өлеңінде ақын мұсылманның бойына тән барлық игі қасиеттерді теріп, жинап береді.

Өлеңінде араб сөздерінің молынан ұшырасқанын байқай аламыз. Соның ішінде қазақы қалыпқа түскен, ұлттық тіл ерекшеліктерінің бояйын бойына сіңірген сөздер қазақ тілінің заңына сәйкес айтылу ерекшеліктерін сақтаған. Ал кейбір діни түсініктерді араб тілінде қолданылады. Мәшһүртанушы ғалымдар ақынның тілінде кездесетін діни сөздердің бірнеше ерекшеліктерін көрсетеді. Мәселен, дін сөздерін араб тіліндегі дыбысталуы және қазақ тіліндегі айтылуын қатар қолдануы; нақты тарихи деректерге қатысты, оқиғалы және аңызға құрылған туындыларында діни сөздерді араб тіліндегі нұсқасымен қолдануы; қазақ танымына жақын, әдеби тілдік қалыпқа көшкен сөздерді қолдануы. Жоғарыда айтылған тарихи деректерге негізделген шығармаларда және аңыздарда қазақ тіліндегі қатар келген дауыссыз дыбыстарды жұмсартып, ұяндатып, үнді дыбысқа айналдырып қолдануы.

Мәшһүртанушы ғалымдар ақынның шығармасында кездесетін сөздер көне түркі сөздер болғанымен қазақтың әдет-ғұрпына етене сіңіп кеткен төл сөздер тобы екендігін дәлелдеді. Моңғол, парсы, араб, орыс сөздері туралы да осыны айтуға болады. Түркінің кейбір көне сөздері араб, парсы сөздерінен шыққан дегенге толық келісе бермейміз деп пікір айтады [4, 24-б.]. Яғни ақынның өлеңдерінде кездесетін сөздердің бәрі басқа тілдерден енген дегеннен аулақпыз.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің қолданылуы туралы пікірді ғалым Рабиға Сыздықованың да еңбектерінен табамыз. Абай шығармаларының тілін зерттеген ғалым Абайға дейінгі кезеңдерде де қазақ тіліндегі араб қабатының бірсыпырасы жалпы халықтық тілге ертеректе еніп, қалыптасып, сіңісіп кеткендер деген пікірді алға тартады. Сондай-ақ, Р. Сыздықова олардың өзін жалпылап екі топқа ислам дініне қатыстылары және қатыссыздары деп бөлген [5, 75-б.]. Айта кетерлік жайт, бұл екі топтың қай-қайсысы да XIX ғасырға дейін-ақ қазақ лексикасында айтарлықтай орын алғанын зерттеуші лексикологтар көрсетеді. Осы пікірлерді бүгінгі жұмысымызда талдауға түсіп отырған ақынның өлеңдері туралы да айтуға болады.

Талдау түсіп отырған «Бес қымбат» өлеңінде осы ерекшеліктерді көруге болады. Діни сөздердің өлеңнің өне бойында кездесуі ақынның айтар ойына эмоционалды, экспрессивті рең беру мақсатында да алынған.

Ақынның стиліне тән дерексіз ұғымды жандандыруды бұл өлеңнен байқамасақ та, махаббат ұғымының қолданылғанын айтқымыз келеді. Мәшһүр Жүсіп адамның болмысын, адамгершілік қасиеттерін сипаттайтын сөздерді өте сәтті тұспалдап қолданады.

Өлең құрылысына байланысты бес шумақтан, төрт тармақтан құралып, қара өлең ұйқасына негізделген. Әдепкі аяқталу сақталған.

Синтаксистік, интонациялық фигураларға келер болсақ, әр тармақтың соңында «деген» сөзі қайталанып отырады. Осылайша өлеңге өзіндік бір әсер сыйлайды. Яғни ақын бірінші, екінші, төртінші тармақтарды деген сөзін қайталау арқылы, эпифораны сәтті қолданған. Осылай қолдану арқылы автор өз пікіріне салмақ түсіріп, интонация жасайды.

Ақын замандастарының туындыларынан да араб сөзінің жиі кездесетінін көрдік. Араб тілінің көптеген сөздері сол кезеңнің өзінде-ақ қазақ тіліне сіңіп, төл сөздерінің қатарына қосылып кеткен.

Мәшһүр Жүсіптің «Бес қымбат» өлеңі тақырып үндестігі жағынан қазақтың бас ақыны Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен ұқсас келеді. Абай Мәшһүр Жүсіп сияқты дін сөздерді қолданып, діни-ағартушылық бағытты мақсат етпесе де адамның бойындағы жағымды әрі келеңсіз қасиеттерді тізіп айтып береді.

Бес нәрседен қашық бол.

Бес нәрсеге асық бол

Адам болам десеңіз.

Абай «адам» сөзін тек азамат мағынасында емес, халықтың баласы, қайраткер мағынасында алады. Осындай адамның бойын аулақ ұстайтын және керісінше асық болатын әрекеттерін айтады. Абайдың ойынша соңғы бесеуі талап, еңбек, терең ой, қанағат және рахым. Ал бойын аулақ ұстауға тиіс қасиеттер өсек, өтірік, мақтаншақтық, бекерге мал шашу және еріншектік. Абайдың өз идеалындағы адамның бейнесін осылайша сипаттағанын көрдік [6, 93-б.]. Мәшһүр Жүсіп өз идеалындағы адамның бейнесін жасамаса да ислам дінінің басты қағидаттарының қазақ халқын сақтайтын таным екендігін негіздеді.

Абай осы айтқандарымен шектелмей жоғарыда айтылған қасиеттері бар адамның дәрежесіне жету үшін, сондай болып шығу үшін қажет шарт пен мінездерді санап береді. Мәшһүр Жүсіп себеп іздеп, тура жолмен жүру қажеттігін, бір Аллаға тапсырып әрекетсіздік танытумен іс бітпейтінін айтады. Бұл тұстан Абайдың ағартушылығы мен гуманистігі ғана емес, демократизмі де анық көрінеді. Мәшһүр Жүсіптің діни-ағартушы ақын болғаны байқалады. Ақын халықтың санасынан ұлттық таным мен иманның алыстамағанын қалайды. Сондықтан да болар өз туындыларында қазақ

халқының таным-түйсігіне, болмысына жақын мұсылмандық қалыпты шығармаларында насихаттайды.

Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүрген заманды сөз еткенде оны тек сырттай бақылаушы ретінде емес, қай-қайсысының болмысына терең бойлап, діни талап тұрғысынан мән беріп, шарифаттың қош көрген істерін уағыздайды. Теріс қылықтарды әшкерелеп, қатты сынға алады. Сол жаман кеселдерге жоюға тырысады. Ақын осы дерттерді Алланың көрсеткен түзу жолымен емдеуге болады деп сеніп, өз туындыларды осы пікірді алға тартады. Осыдан адамшылық имандылық категориялары оның шығармашылығының негізгі нысанына айналады.

Ақынның бір топ өлеңдері адамның бойында кездесетін жақсы, жаман қасиеттерге арналған. «Дауасыз дерт» өлеңінде сол кезде де қазіргі уақытта өзекті болып саналатын адамның бойындағы келеңсіз мінездер сөз болады. Күндестік, көреалмаушылық, ұрыс-керіс, итжығыс өмір, дұшпандық, жамандау, жалқаулық, әрекетсіздік, надандық сынды адам басын көрге сүйрейтін мінездер мен ынтымақ, татулық, ілтипат таныту, береке, жұмсақ мінезділік, оқу оқу, еңбекқорлық, көмектесу, көп біліп аз сөйлеу, қанағат ету сияқты жақсы қасиеттердің адамға пайдасы мен зиянын сөз етеді.

Өлең солғын эвфониямен, төрт страфикалы, бірнеше ұйқас түрі араласып келіп, (қара өлең, кезекті, шалыс) негізінен кезекті өлең ұйқасына негізделіп, силлабикалық жүйеде жазылған [7].

Бұл өлеңінде автор адамдық қасиеттен жұрдай етіп көрсететін күндестік, жалқаулық, надандық сынды қасиеттерге жиіркене қарайды.

Ағайын барды күндеп көре алмайды,
Жоқ болса, жомарттық қып бере алмайды.
Кәнеки, бермегенің сол емес пе,
Білмеген білген тілін неге алмайды?
Екі көз бір-біріне дұшпан болып,
Болса да қандай жақын сене алмайды.
Ұрысса қатын-бала әлдеқандай,
Үйіне бір-бірінің ене алмайды [3, 85-б].

Аталған кемшіліктер адамдарды азғындатып, рухани дамуға тұсау болатын кеселдер. Бұлардың барлығы надандықтың белгісі.

«Екі көз бір-біріне дұшпан болып» деген сөз қолданысында бір-біріне жақын, туыс адамдарды көзбен алмастырып, жаман кеселдің адамдарды қаншалықты араздатқанын мысал етіп тұр. Адамның дене мүшесінің біріне-бірі араз болуы мүмкін еместігін ескерсек, жансызды жандандыру тәсілін қолданғанын аңғарамыз. Ақын қоғамдағы қандай да болсын кемшілікті сынға алғанда, оны жеке дара алып қарастырмайды. Бір адам басындағы дерт емес, бүкіл қоғамның басындағы дерт деп типтік сипат береді.

Адамдардың бір-бірінен алшақтағы соншалықты бірінің бойынан көрген кемшілікті түзетуге де тырыспайды деп налиды.

Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,

Жақсы емес қатты болу тікенектей.

Ғылымың болса-дағы ұшан-теңіз,

Пайда жоқ: өз халқына қызмет етпей! [3, 86-б.]

Өлең жолдарынан білім мен ғылымды игеруді, көпке пайда тигізуді насихаттауды өзінше әсерлі жеткізген. Алайда білімнің көпшілікке пайдасы болмаса одан қайыр болмайтынын баса айтып өтеді. «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деген халық нақылы ақынның өлеңінде де ұлттық өрнекпен байланыстыра қолданған.

Кезінде кезең жерден қосылып қал,

Бәйгеге ұлы дүбір қалма ілікпей!

Мақсаты асыл (хасыл) болып ойындағы,

Алла һәм ер тілегін мақұл еткей! [3, 86-б.]

Мәшһүр Жүсіптің стиліне тән тұспалдау құралдарының ішінде символға ерекше ден қойғанына осы бір үзіндідегі *бәйге* сөзі дәлел бола алады. Осыған дейін жүргізілген зерттеулерде базар, соқыр, күн, түн, таң сөздерінің балама ұғымдар екені қарастырылса, осы қатарға *бәйге* сөзін *өмір, тіршілік белгісі, күйбең тірліктің* символдық белгісі ретінде қоса аламыз.

Әдебиеттегі стиль мәселесі шетел ғалымдарын толғандырған. Көрші орыс әдебиетінде В. В. Виноградов, А. Н. Соколов, Г. Н. Поспеловтердің зерттеулерінің арқасында әдебиеттегі стильдің толық түсінігі қалыптасты. Мәселен, В. В. Виноградовтың стильді шығарманың эстетикалық бірлігі арқасында өрлігін былайша түйіндейді: «The concept of style as applied to the language of fiction is filled with a different content than, for example, in relation to business or clerical styles, and even journalistic and scientific styles. The language of national fiction is not fully correlated with other styles, types or varieties of book-literary and folk-colloquial speech. He uses them, includes them, but in peculiar combinations and in a functionally transformed form». Стиль автордың дүниені тануының көрінісі ретінде алынады [8].

Ал автор әрдайым өз шығармасында тарихта орын алып жатқан оқиғаларды оқырманына жеткізу болып қала береді. Автордың көркем шығармада алатын орны, біздің қоғамның жемісі әрі жаңашыл фигура екені әдебиетте сонау ерте заманнан-ақ ғалымдардың назарын аудартқан. «Автор әлі де әдебиет тарихының патшасы, жазушылардың өмірбаянында да, журналдарда да тіпті әдебиетші ғалымдардың санасында автор әрқашан патша болады, әдебиеттегі барлық образ автормен байланысты», – деп баға берген француз әдебиетінің сыншысы Ролан Барт [9]. Яғни автор мен стиль ұғымдары, образ, шығармадағы оқиғаларды автордан бөліп жарып қарай

алмаймыз. Автордың өз шығармасында қозғаған тақырыптары қоғамда орын алып жатқан оқиғаларды түсінуімен байланысты. Шығарманың мазмұнынан автордың өзіндік көзқарасын көреміз.

Мәшһүр Жүсіптің тұспалдау құралдарын қолдануда дәстүр тағылымын т.с.с. ескерумен бірге өзіндік ізденісін, сөз саптау тәсілін, оның ішінде ұлттық өрнекті кең қолдануын көреміз. Мұның бәрі қаламгер стилі сөз болғанда белгілі бір баламалар қолданудағы дәстүр үндестігі, заман ықпалы мәнін ескерумен бірге ақынның өзіндік ізденісін, өзіндік нақыштарын зерделеп көрсету арқылы ғана суреткер стилін кең межелеуге мүмкіндік туатынын көрсетеді [10, 187-б.].

Халқын надандықтың қоршауынан босап шығуға және жалқаулық танытып жата бермей әрекет етуге шақырады. Ал оқу, білім, өнер жолында жүргендерге «Қанағат, көп білдім» деп тоқтап қалмай, білімін әрі қарай тереңдетуді ұсынады. Бойдағы кеселдерден құтылып, адамгершіліктің ақ жолына түсу, білім алып, сол білімі арқылы көпшілікке пайдасын тигізу ақынның осы туындысы арқылы халқына жеткізгісі келген басты ойы әрі мақсаты саналады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын ЖТН АР22685437 ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Талдауға түскен туындылардан ақынның туындыларынан ХХ ғасыр басындағы және қазіргі кездегі өзекті мәселелердің қозғалғанын байқадық. Мәшһүр Жүсіптің дидактикалық өлеңдері ақынның стилін даралауда жанр, тақырып, мазмұн жағынан ақынның шығармашылығын байытып, тұспалдау, жандандыру тәсілдерімен ерекшеленген. «Бәйге» сөзінің өмірдің, тіршіліктің символдық белгісі ретінде, яғни үлкен өмір жолына түсіп, сол жолдағы күресте жеңіліп қалмауы жайында айтылғаны зерттелді. Ал өлеңінде кездесетін діни ұғымдарды ғылыми зерттеулерге сүйене отырып екі топқа (исламға қатысты және қатысы жоқ) бөлініп қарастырылды. Барлық діни ұғымдарды араб тіліне енген сөздер ретінде емес, қазақ халқының таным-түсінігіне жақын ұғымдар екені анықталды. «Бес қымбат» туындысын Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен салыстыра отыра, Мәшһүр Жүсіп өз идеалындағы адамның бейнесін жасамаса да ислам дінінің басты қағидаттарының қазақ халқын сақтайтын таным ретінде негіздегені талданды. Сондай-ақ, адам бойындағы келеңсіз мінездерді сынау барысында бір адам басындағы дерт емес, бүкіл қоғамның басындағы дерт деп типтік сипат береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі [Мәтін] / Құрастырғандар: Ш.Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан, Г. Әлімбек, Г. Мамырбекова, Д. Боранбаев. Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019. – 596 б.
- 2 **Қамзабекұлы, Д.** Алаштың рухани тұғыры [Мәтін]. – Астана : Ел-шежіре. – 2008 б.
- 3 **Көпейұлы, М. Ж.** Шығармалары. 2-том [Мәтін]. Павлодар қ. : «ЭКО» ҒӨФ. – 2003. – 384 б.
- 4 **Тұрышев, А. Қ.** Мәшһүр-Жүсіп – Ілімі жақ : (монография) [Мәтін] / А. Қ. Тұрышев ; ред. С. М. Өмірбаев. – Павлодар : ЭКО. – 2013. – Т. 3. – 639 б.
- 5 **Сыздықова, Р.** Абай шығармаларының тілі [Мәтін]: (лексикасы мен грамматикасы) / Р. Сыздықова; [жауап. ред. М. Балақаев]; Қазақ ССР Ғылым Акад. ; Тіл білімі ин-ты... – Алматы : Ғылым. – 1968. – 331, [3] б.
- 6 **Нұрқатов, А.** Шығармалары [Мәтін] : Айқын Нұрқатов. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, ЖШС, 2013. Т1. – 384 б.
- 7 **Қабдолов, З.** Сөз өнері [Мәтін]. – Алматы : Санат. – 2002. – 360 б.
- 8 **Виноградов, В. В.** Избранные труды. О языке художественной прозы [Мәтін]. – Москва. – 1980. – 364 с.
- 9 **Bart, R.** Death of the author [Text] // Bart R. Selected works. Semiotics. Poetics / Translated from the French. М. – 1989. – 403 p.
- 10 **Баратова, М. Н.** Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Оқу құрал [Мәтін]. – Павлодар : Brand print. – 2010. – 256 б.

References

- 1 Qazaq tılınıñ kırme sözder sözdıgı [Dictionary of borrowed words of the Kazakh language] [Text] / Qırastyrgandar : Ş. Qırmanbaiıuly, S. İsaqova, B. Mizamhan, G. Älımbek, G. Mamyrbekova, D. Boranbaev. Almaty : «Ülttyq audarma bürosy» qoğamdyq qory, 2019. – 596 p.
- 2 **Qamzabeküly, D.** Alaştyñ ruhani tüğyry [The Spiritual Pedestal of Alash] [Text]. – Astana : El-şejire, 2008 p.
- 3 **Köpeıuly, M. J.** Şyğarmalary. 2-tom [Collection of works. Vol.2] [Text]. Pavlodar q. : «EKO» ĞÖF, 2003. – 384 p.
- 4 **Türyşev, A. Q.** Mäşhür-Jüsıp - İlimi jaq : (monografıa) [Mashkxur Zhussıp – scientific side: monograph] [Text] / A. Q. Türyşev ; red. S. M. Ömirbaev. – Pavlodar : EKO, 2013. – Т. 3. – 639 p.

5 **Syzdyqova, R.** Abai şyğarmalarynyñ tılı [The language of Abai's works] [Text]: (leksikasy men gramatikasy) / R. Syzdyqova; [jauap. red. M. Balaqaev]; Qazaq SSR Ğylym Akad. ; Tıl bılımı in-ty... – Almaty : Ğylym, 1968. – 331, [3] p.

6 **Nūrqatov, A.** Şyğarmalary [Works] [Text] : Aiqyn Nūrqatov. – Almaty : «Ana tılı» baspasy, JŞS, 2013. – T. 1. – 384 p.

7 **Qabdolov, Z.** Söz öneri [The Art of the Word] [Text]. – Almaty : Sanat, 2002. – 360 p.

8 **Vinogradov, V. V.** İzbrannyye trudy. O iazyke hudojestvennoi prozy [Selected works. About the language of fiction] [Text]. – Moskva, 1980. – 364 p.

9 **Bart, R.** Death of the author [Text] // Bart R. Selected works. Semiotics. Poetics / Translated from the French. M., 1989. – 403 p.

10 **Baratova, M. N.** Mäşhür Jüsip öleñderiniñ janrlyq-stildik erekşeligi. Oqu qūral [Genre originality of the poetic works of Mashkhur Zhussip. Study guide] [Text]. – Pavlodar : Brand print, 2010. – 256 p.

09.03.24 ж. баспаға түсті.

27.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Е. Ерланова

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 09.03.24.

Поступило с исправлениями 27.07.24.

Принято в печать 26.08.24.

ПОЭТИКА ДИДАКТИЧЕСКИХ СТИХОТВОРЕНИЙ МАШХУРА ЖУСИПА

В статье рассматриваются дидактические стихотворения творчества Маишхур Жусипа Копеева с точки зрения темы, содержания, стиля и определяется их эстетическая, религиозно-просветительская направленность. Актуальность статьи – выявление роли дидактических стихотворений Маишхура Жусипа в формировании самобытного стиля поэта, согласно его времени, традиций и самосознания. Сигнификативное и денотативное значение арабо-персидских слов, встречающиеся в стихах поэта, были изучены и доказаны, что использование данных лексем связано с национальным самосознанием народа. Цель исследования – рассмотреть использование арабо-персидских слов с точки зрения

их отношения к исламу и национальному самосознанию народа, что повышает эстетическую значимость произведения.

В творчестве поэта религия рассматривается как инструмент воспитания и просветительства, что повышает эстетическую значимость произведения. Стихотворение «Бес қымбат» сопоставляется с поэмой Абая «Ғылым таппай мақтанба» с точки зрения тематической гармонии. В ходе исследования выяснилось, что основные принципы ислама в стихах Маишхура Жусипа основаны на познании казахского народа и в отличие от Абая, поэт не рассматривает образ человека как идеал. Отметим, что негативные коннотации в произведении «Дауасыз дерт» (Болезнь без спора) связаны с тем, что образ «болезни» является метафоричным и представляет собой совокупность проблем в обществе, что является научной новизной данного исследования. Практической значимостью работы является применение полученных результатов работы научными работниками, обучающимися филологических специальностей высших учебных заведений, а также всеми любителями литературы.

Ключевые слова: поэтика, дидактические стихотворения, нравственные ценности, иносказания, оживление, эстетическая информация, национальное познание, типичный характер.

*А. У. Yerlanova

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Received 09.03.24.

Received in revised form 27.07.24.

Accepted for publication 26.08.24.

THE POETICS OF DIDACTIC POEMS BY MASHKHUR ZHUSSIP

This article examines the didactic poems of Mashkhur Zhussip Kopeyev from the perspectives of theme, content, and style, defining their aesthetic, religious, and educational orientations. The relevance of the article lies in identifying the role of Mashkhur Zhussip's didactic poems in shaping the poet's unique style, aligned with his era, traditions, and self-awareness.

The significant and denotative meanings of Arabic-Persian words found in the poet's poems have been analyzed, proving that the use of these lexemes is associated with the national identity of the people. The study

aims to explore the use of Arabic-Persian words in relation to Islam and national identity, enhancing the aesthetic significance of the work.

In the poet's work, religion is viewed as an instrument of education and enlightenment, thereby increasing the aesthetic value of the poems. The poem «Bes kymbat» is compared with Abai's poem «Gylym tappai maktanba» in terms of thematic harmony. The study reveals that the fundamental principles of Islam in Mashkhur Zhussip's poems are based on the knowledge of the Kazakh people. Unlike Abai, Mashkhur Zhussip does not idealize the image of a person. Notably, the negative connotations in the work «Dauasyz dert» (Disease without Dispute) are related to the metaphorical use of «disease», representing societal problems, which constitutes the scientific novelty of this study.

The practical significance of the work lies in the application of its findings by researchers, students of philological specialties in higher educational institutions, and literature enthusiasts.

Keywords: poetics, didactic poems, moral values, allegories, revival, aesthetic information, national knowledge, typical character.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz